

## ХАТТАМА

### ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесінің отырыстары №2

2026 жылғы 27 наурыз, 11:00- 12:20

Онлайн формат

#### Күн тәртібі

1. «Азық-түлік қауіпсіздігі. НАССР жүйесін енгізу» практикалық нұсқау қарау.  
*ҚР ДСМ СЭБК "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің маманы Джусиева Ж.Т.*
2. Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу.  
*Ғылыми кеңестің Төрағасы, м.ғ.д., профессор Ерубает Т.К.*
3. Ғылыми кеңес мүшелерінің оның отырыстарында қарау үшін ұсыныстарын талқылау  
*Ғылыми кеңестің Төрағасы, м.ғ.д., профессор Ерубает Т.К.*
4. Әр түрлі.

**Төрағалық еткен:** м.ғ.д., профессор Ерубает Т.К.

**Қатысушылардың тізімі (қоса берілген).**

Ғылыми Кеңестің (бұдан әрі – ҒК) төрағасы мүшелерімен амандасты.

1. Ж.Т. Джусиева презентациямен бірге практикалық нұсқау ұсынды. Мақсаты, өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы, практикалық нұсқау құрылымы көрсетілді.

Рецензиямен м.ғ.д., профессор Н.М.Карсыбекова және м.ғ.к. С.Х.Қасмақасов сөз сойледі. Рецензенттер сапа мамандары, технологтар мен азық-түлік қауіпсіздігі менеджерлері, студенттер мен магистранттар үшін өте маңызды болып табылатын материалдың құрылымдылығы мен күшті жақтарын, тәжірибеге бағдарлануын атап өтіп, жұмысқа оң баға берді.

А.А.Мусина еңбек авторларына алғыс білдіріп, нұсқауда чек-парақтардың бар екендігін атап өтіп, оның практикалық маңыздылығы мен білімді игеру сапасын арттыра отырып, жұмысты қолдады.

С.В.Казаков «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК-ға тәуелсіз сараптамаға практикалық нұсқау жіберуді ұсынды.

2. Төраға қатысушыларға ғылыми кеңес мүшесі м.ғ.д. Ж.Х.Сембаевтың жұмыстан кеткенін (6.01.2026 ж. №2 ж/қ бұйрығы) және ҒК мүшесінің функцияларын орындай алмайтынын хабарлады.

Төраға Ғылыми кеңестің және «ҰСО хабаршысы» журналының редакциялық кеңестің мүшесі ретінде, м.ғ.д., профессор, Ресей Федерациясының Тұңғыш Президенті Ельцин Б.Н. атындағы Қырғыз-Ресей Славян университетінің эпидемиология және иммунология кафедрасының меңгерушісі (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы) Б.Т.Орозбекованың кандидатурасын ұсынды.

ҒК мүшелері Б.Т. Орозбекованың кандидатурасын ҒК құрамына бірауыздан енгізуге дауыс берді.

3. Төраға ҒК мүшелерінен алынған ҒК отырыстарында қарау үшін ұсыныстардың жиынтық кестесін ұсынды. ҒК мүшелері ұсыныстарды талқылады.

4. С.В.Казаков Т.К. Ерубаетын кандидатурасын «Ғылым дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттауға ұсыну туралы бастама көтерді.

ҒК мүшелері Т.К.Ерубаетын марапаттауға кандидатурасын бірауыздан ұсынуға дауыс берді.

**Спикерлердің ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:**

1. «Азық-түлік қауіпсіздігі. НАССР жүйесін енгізу» практикалық нұсқаулықты бекіту және жариялауға кеңес берді.

2. Прекратить полномочия Сембаева Ж.Х. в связи с увольнением. Ж.Х.Сембаевтың жұмыстан кетуіне байланысты өкілеттігің тоқтату.


3. ҒК құрамына м.ғ.д., профессор Б.Т. Орозбекова енгізілсін.

4. Ықтимал толықтырулар мен түзетулер үшін ҒК отырыстарында қарау үшін ұсыныстары бар жиынтық кестені ҒК мүшелеріне жіберу.

5. Т.К.Ерубаетын кандидатурасын «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттауға ұсынылсын.

Төраға

Хатшы



Ерубает Т.

Толысбаева Ж.

**ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК  
Ғылыми кеңесінің отырысына қатысушылар тізімі**

2026 жылғы 27 наурыз

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты	Лауазымы	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
1	Ерубәев Тоқтасын Кенжекәнович	Кәсіпорынның Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің директоры	Медицина ғылымдарының докторы, профессор
2	Карсыбекова Найля Мауленовна	Кәсіпорынның Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің Ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақ секторының меңгерушісі	Медицина ғылымдарының докторы, профессор
3	Мусина Айман Аяшевна	Астана Медицина Университетінің «Қоғамдық денсаулық және эпидемиология» кафедрасының меңгерушісі	Медицина ғылымдарының докторы, профессор
4	Казәков Станислав Владимирович	ҚР ДСМ «М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық орталығы» ЖШС биостатистика және геоақпараттық жүйелер бөлімінің эпидемиолог- сарапшысы. Ғылыми кеңес мүшесі (келісім бойынша)	Медицина ғылымдарының кандидаты
5	Толысбаева Жанар Токтановна	Кәсіпорынның Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің Ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақ секторының маманы	Медицина ғылымдарының кандидаты

6	Шайхина Алия Мурзахметовна	Кәсіпорынның Алматы қаласы бойынша филиалының санитариялық-гигиеналық зертханасының маманы	Химия ғылымдарының кандидаты
7	Касмақасов Серикбай Халимович	Кәсіпорынның Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры	Медицина ғылымдарының кандидаты
8	Лобынцева Евгения Петровна	Кәсіпорынның Қарағанды облысы бойынша филиалының бактериологиялық зертхана меңгерушісі	Медицина ғылымдарының кандидаты
9	Калиева Фаридә Идрисовна	Кәсіпорынның Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры	Биология ғылымдарының кандидаты
10	Исенеєв Каирғали Капизович	Кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры	Медицина ғылымдарының кандидаты
11	Орозбекова Бубусайра Толобаевна	Ресей Федерациясының Тұңғыш Президенті Ельцин Б.Н. атындағы Қырғыз-Ресей Славян университетінің эпидемиология және иммунология кафедрасының меңгерушісі	Медицина ғылымдарының докторы, профессор
12	Джусиева Жанат Тныштықбаевна	ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің маманы	